Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 94

ПАРАМЕТРИЗМ – СӘУЛЕТ ӨНЕРІНДЕГІ ЖАҢА ҒАЛАМДЫҚ СТИЛІ

Айтжанова Г.

Сәулет өнерінің дамуына ең бірінші кезекте стильдер тарихы әсерін тигізді. Стиль өзі бір жеке дара әмбебап санат, сондықтан сәулет өнерін білуімізге тура ықпалын тигізеді. Параметризм - ол сәулет теориясы мен тәжірибиесіндегі белгісіз жағдай десе қателеспейміз. Қазіргі кезде стилдін барлық жақсы-жаман жақтарын түбегейлі қарастыруда. «Параметризм – сәулет өнері мен қала дизайнына арналған жаңа ғаламдық стиль» -деп өз мақаласында Патрик Шумахер оны стиль ретінде ашты.

Параметрлік немесе алгоритмдік сәулет жылдар бойы авангарттық дизайнмен ғана шектелді. Жылдар өте келе параметризм өзин басты стильдердің қатарына енгізді. «Цифрлы» ғасырдың жаңа стиліне айналды. Цифрлы анимация тәсілінен туды. Оның кейінгі туындылары параметірлік дизайн жүйесі мен скрипт тәсілдеріне негізделген. Бұл жаңа стиль соңғы 15 жыл ішінде әзірленіп, енді сәулет өнерінде гегемонияны талап етеді. Модернизм арқасында ол жүйелі иновациялық толқын сынды. Модернизм кезіндегі кризисті жауып Постмодернизм мен, Деконстркуктивизм және Минимализмді де қосты. Жаңа стиль – сәулет өнерін, дизайн интерер және қалалық дизайнды қамтуда. Басты функционалдық принциптерінің бірі ол күнделікті аймаққа бөлудің орнына ғимараттардың барлық ішкі бөлмелері біріншісі екіншісіне өтіп, бір-бірімен байланысып, сыртқы ортамен байланыста болуы тиіс.

Параметризм ұстанымдары:

- біріншіден, қатал, қатты сәулет элементтерінен бас тартып (төртбұрыш, үшбұрыш, куб, шар, дөңгелек) жаңа заманға сай цифрлы формаларға өту;
- екіншіден, жеке элементтердің қайталануынан бас тарту;
- үшіншіден, сәулет өнерінде және қалалық жоспарлауда коллаж ұстанымы бойынша жеке элементтердің тіркеспеуі;

Параметризм ұстанымдары мынындай болуы тиіс: жүйе көпэлементтілігі, түрлі компоненттердің әрекеттестігі, сонымен қатар көнгіштік, жұмсақтық пен сәулет пішіндерінің «аққыштығы».

Жаңа стильдер бағытының қисыны параметризм шегінде әлдебір ортақ қағидаға келтіру керек, параметрлік композиция моделдерінің біріктіруші әдістері жобалық тәжірбиеде қолдану үшін қажет.

Жетекшісі: сәулет өнерінің кандидаты Ш. Т. Абдыкаримова